

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 22 мамырдағы N 620 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 3 маусымдағы N 520 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 19 сәуірдегі № 498 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.04.19 № 498 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасында азаматтық хал актілері жазбаларын өзгерту, қалпына келтіру және жою туралы ережені, азаматтық хал актілерін тіркеу кітаптарының нысандарын және осы кітаптардағы жазбалардың негізінде берілетін куәліктердің нысандарын және Қазақстан Республикасында азаматтық хал актілерін тіркеу тәртібі туралы ережелерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 22 мамырдағы N 620 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 20-21, 214-күжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында азаматтық хал актілері жазбаларын өзгерту, қалпына келтіру және жою туралы ережеде:

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Қалпына келтірілген азаматтық хал актісінің жазбасын тіркеуді жазба жоғалған жер бойынша АХАЖ органдары жүргізеді. Жоғалған жазба сот тәртібімен қалпына келтірілген жағдайда, актінің қалпына келтірілген жазбасын тіркеу сот шешімі шығарылған жер бойынша жүргізіледі.

Азаматтық хал актісін қалпына келтіру туралы жазба күнделікті тіркеу кітабында, ал туу туралы қалпына келтірілген жазбаны тіркеу туу туралы қалпына келтірілген актілерді тіркеу кітабында жүргізіледі.";

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында азаматтық хал актілерін тіркеу тәртібі туралы ережелерде:

171-тармақ мынадай мазмұндағы 12) тармақшамен толықтырылсын:

"12) өтініш берушіні шын мәнісінде тәрбиелеген адамның тегі және аты бойынша тегі мен әкесінің атын алғысы келуі.";

179-тармақтың үшінші абзацындағы мемлекеттік тілдегі мәтіндегі "үш" деген сөз "бір" деген сөзбен ауыстырылсын;

216-тармақтың үшінші абзацы ", ерекше жағдайларда, жеке басын куәландыратын құжат алмаған 16 жастан асқан, бірақ 18 жасқа толмаған балаларға ата-аналарының біреуінің не қорғаншысының қатысуымен олар жеке басын куәландыратын құжатты ұсынған кезде қайтадан куәліктер беріледі".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК